

*Қазақстан Республикасындағы
үй шаруашылықтарында
отын мен энергияны тұтыну*



Astana 2023

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

*Қазақстан Республикасындағы
үй шаруашылықтарында
отын мен энергияны тұтыну*

Астана 2023

Алғыс білдіру

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Жаңартылатын энергия көздері жөніндегі халықаралық агенттіктің (IRENA) статистика бөліміне «Қазақстандағы ОДМ және ҰДАС мониторингтеу үшін биоэнергетика жөніндегі деректерді нығайту жөніндегі» жоба шеңберінде үй шаруашылықтарында отын мен энергияны тұтынуды іріктемелі зерттеуді жүргізуде көрсеткен қолдауы үшін ерекше алғыс білдіреді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Молдова Республикасының Ұлттық статистика бюросы мен Литва Мемлекеттік деректер агенттігіне техникалық және консультациялық қолдау көрсеткені үшін, ұлттық консультант Равкат Мұхтаровқа деректерді өңдеуге және қорытынды баяндаманы дайындауға көмектескені үшін алғыс білдіреді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы аумақтық департаменттерінің дала жұмыстарын жүргізу кезіндегі тиянақты және көп еңбек жұмсалатын жұмысын ерекше атап өткім келеді.

Мазмұны

Алғыс білдіру	3
Мазмұны.....	4
Кіріспе	1
Глоссарий	3
1. Зерттеу жүргізу әдіснамасы.....	6
1.1 Іріктемені қалыптастыру	6
1.2 Зерттеу құралдары	7
1.3 Алдын ала тестілеуді өткізу	8
1.4 Персоналды оқыту	8
1.5 Деректерді жинау және өңдеу	8
2. Зерттеу нәтижелері	11
2.1 Үй шаруашылықтары мен тұрғын үй жағдайларының сипаттамалары	11
2.2 Үй шаруашылықтарының отын мен энергияны тұтынуы	17
2.2.1 Отынды тұтынудың жалпы көлемі	17
2.2.2 Жаңартылатын энергия: қатты биоотынды тұтыну	21
2.2.3 Үй шаруашылықтарындағы суды жылыту және ысыту жүйелері.....	24
2.3 Тұрмыста отын мен энергияны пайдалану	29
2.3.1 Тамақ дайындау	29
2.3.2 Электр құрылғыларын пайдалану	31
2.3.3 Өлшеу және реттеу құралдарын пайдалану	34
2.4 Үй шаруашылықтарының көлік құралдары.....	36
3. Қорытынды	40
Қосымша	42

Кіріспе

Климаттың жаһандық өзгеруінен күтілетін салдарлар әлемдік қауымдастық алдында да, жекелеген елдер алдында да жағымсыз салдарды азайту бойынша жаңа сын-қатерлер туғызуда. АҚШ-тың Ұлттық аэроавиация және ғарыш кеңістігін зерттеу басқармасы (NASA) хабарлауы бойынша соңғы 9 жыл байқау тарихындағы рекордтық ең жылы болды және 2023 жыл тарихтағы ең ыстық жылдардың ондығына ену мүмкіндігіне ие. Әлемдік қауымдастықтың әрбір жеке бірлігінің күш-жігері климаттың өзгеруінің салдарын жою жөніндегі ортақ мақсатқа жету үшін қажет. 2023 жылы Қазақстан Үкіметі Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі өршіл стратегиясын бекітті.

Қазақстанның негізгі стратегиялық мақсаты 2060 жылға қарай парниктік газдардың ұлттық нетто-эмиссияларын нөлдік деңгейге дейін төмендету болып табылады. Қазақстан үшін осы мақсатқа қол жеткізудің басты міндеті энергетика секторындағы шығарындыларды азайту болып табылады, ол 2022 жылға жалпы көлемнің 77% құрады. Энергетиканың үлесін төмендетуге қол жеткізудегі қиындықтардың бірі Қазақстан экономикасындағы қазба энергия ресурстары секторының рөлі және өнеркәсіпте де, үй шаруашылықтарының тұтынуы үшін де энергия өндіру үшін қазба отындарды пайдаланудың бастапқы деңгейі болып табылады.

Қазақстандағы ОДМ және ҰДАС мониторингтеу үшін биоэнергетика жөніндегі деректерді нығайту жөніндегі халықаралық агенттіктің (IRENA) жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы «Үй шаруашылықтарында энергия тұтынуды зерттеу сауалнамасы» (индексі – Н-010, кезеңділігі – бес жылда бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша үй шаруашылықтарына іріктемелі зерттеу жүргізді. Іріктемелі зерттеу жүргізудің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарында отын мен энергияны тұтыну туралы ақпарат жинауды жүзеге асыру болып табылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – үй шаруашылықтарында энергияны тұтынумен байланысты процестер мен тәжірибелерді тереңірек түсіну, соның ішінде халық арасында биоотын мен жаңартылатын энергия көздерінің қолжетімділігі мен пайдаланылуын түсінуді жақсарту.

Үй шаруашылықтарының тәжірибесін түсіну және сипаттау энергияға ағымдағы сұранысты бағалауға және болашақ қажеттіліктерді болжамдауға көмектеседі. Сондай-ақ үй шаруашылықтарында энергия тұтынуды зерттеу энергия тиімділігі мен үй шаруашылықтарында қолданылатын энергия үнемдеу шараларын бағалауға мүмкіндік береді. Отын тұтыну туралы деректерді талдау энергия шығынын азайтуға және энергияны ұтымды пайдалануға болатын салаларды анықтауға көмектеседі.

Сондықтан Қазақстандағы үй шаруашылықтарының отын мен энергия көздерін тұтыну сипаттамасын зерделеу маңызды. Осы зерттеу аясында үй шаруашылықтарында отын мен энергияны тұтынудың сипаты энергияны түпкілікті пайдалану санаттары бойынша зерттелді. Оның ішінде келесі санаттар бойынша энергияны тұтыну:

- Энергияны тұтынудың жалпы көлемі
- Үй-жайларды жылыту және суды ысыту
- Тамақ дайындау
- Электр энергиясын пайдалану
- Бөлмені салқындату және желдету
- Жарықтандыру
- Көлік

Зерттеу интервьюерлердің үй шаруашылықтарына баруы арқылы пікіртерім жүргізу әдісімен барлық облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында (қартаны қараңыз) жүргізілді. Зерттеуге 11944 үй шаруашылығы қатысты, оның 6520-сы қалалық және 5424-і ауылдық жерлерде тұрады. Зерттеу 11 модульден тұратын және 38 сұрақты қамтитын сауалнама негізінде жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мынадай бөлімдер бойынша келтірілген: үй шаруашылықтары мен тұрғын үй жағдайларының сипаттамасы, отын мен энергияны тұтыну жөніндегі деректер, отын мен энергияны тұрмыста пайдалану және үй шаруашылықтарының көлік құралдарын пайдалануы.

Жиналған деректерді негізге ала отырып, болашақ даму және энергетикалық саясат пен орнықты даму саласында шешім қабылдауға ықпал ететін тұжырымдар мен ұсынымдар жасалды.

Глоссарий

Үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

Орталықтандырылған жылыту жүйесі – жылу көзі қазандық, ЖЭО, көппәтерлі сорғылар және/немесе бірнеше блокпен (ұжымдық жүйе) қамтамасыз етілген кезде пәтер/үй ортақ желіден жылытумен жабдықталған болып саналады.

Автономды жүйе – жылу көзі отынмен, ағаш қалдықтарымен, ауыл шаруашылығы қалдықтарымен немесе көмірмен, электр қуатымен жұмыс істейтін немесе орталық газ құбыры желісіне қосылған аз қуатты сорғылармен жинақталған кезде пәтер/үй автономды желіден жылытумен жабдықталған болып саналады.

Табиғи газ – газ тәрізді көмірсутектердің, негізінен метанның қоспасы, сонымен қатар этан, пропан және аз мөлшерде жоғары көмірсутектерді және сутегі мен көміртегі диоксиді сияқты жанбайтын газдарды қамтиды.

Көмір – бұл жанғыш қара немесе қоңыр-қара шөгінді жыныс, әдетте тау жыныстарының қыртыстарында қабатпен немесе тараммен орналасады, борпылдақ, құрап қалған өсімдік қалдықтарының шоғырын құрайды және негізінен отын ретінде пайдаланылатын көміртектен тұрады.

Ағаш - тамақ дайындау, жылыту процесі кезінде отын ретінде пайдаланылатын кесілген ағаш.

Ағаш қалдықтары – ағаш өңдеудің басқа да жанама өнімдері. Бұл термин кәделік ағаш ретінде пайдалануға жатпайтын ағаш өңдеу қалдықтарын қамтиды, мысалы, арамен кесілген, ақау бар материалдар, бөрене, ағаш кесектері, фанера қабығын аршып алғаннан кейін қалған қарындаштар, кондициялық емес фанера, үгінділер, ағаш ұстасы қалдықтары, сондай-ақ пеллеттер, басқа да агломерацияланған тауарлар өндіру үшін пайдаланылатын немесе тікелей энергия өндіріс үшін пайдаланылатын ағаш қалдықтары.

Ауылшаруашылық қалдықтары – жылу немесе электр энергиясын өндіру үшін отын ретінде пайдалануға болатын органикалық, қазба емес биологиялық материалдар. Бұл санатқа сабан, күріш қабығы, жаңғақ қабығы, жүзім сабақтары және т. б. сияқты ауылшаруашылық қалдықтарын қайта өңдеу нәтижесінде пайда болатын материалдар кіреді.

Ағаш пеллеттері мен брикеттер - механикалық ағаш өңдеу өнеркәсібінің, жиһаз өнеркәсібінің немесе өзге де ағаш өңдеу өндірістерінің жанама өнімдерінен (кесінділер, үгінділер немесе жоңқалар сияқты) өндірілетін агломераттар.

Электр энергиясы – жылу электр орталықтары (ЖЭО), атом электр станциялары, газ турбиналық электрстанциялары, дизель электр станциялары, су электр станциялары өндіретін электр энергиясы және жаңартылатын көздерден алынатын өзге де энергия.

Газойльдер (дизель отыны) – дистиллятты мазут отыны, ең алдымен, 180-380⁰С дистилляция ауқымы бар орташа дистиллят болып табылады.

Ағаш көмір, біріктірілгенді қоса алғанда – ішінара жағу немесе сыртқы көздерден жылумен өңдеу нәтижесінде көмірге айналған ағаш

Биоотын – биомассадан тікелей немесе жанама түрде алынған отын. Бұл санатқа ағаш, ағаш пеллеттері мен брикеттер, ағаш қалдықтары, сабан, ауылшаруашылық және орман

қалдықтарынан басқа отын, жануарлардың қалдықтары (көң), сондай-ақ агломерацияланғанды қоса алғанда, ағаш көмірі кіреді.

Сұйытылған пропан мен бутан –тасымалдау және сақтауға ыңғайлы болу үшін сұйылту процесінен өткен газ тәрізді көмірсутектер (пропан және бутан).

Керосин – жанғыш сұйықтық, көмірсутектердің қоспасы, ол 150-250⁰С температура аралығында қайнайды. Керосинді мұнайды айдау (ректификациялау) арқылы алады.

Жылу оқшалау – қабырғалардың, шатырдың, едендердің, терезелердің, құбырлардың, есіктердің, терезелердің және т.б. жылу шығынын азайту үшін құрылыс материалдарын немесе құрылымдарын пайдалану

Жылу сорғысы – бұл қоршаған ортадан - жерден, ауадан немесе судан жылу шығаратын құрылғы. Тұрмыстық секторда қолданылатын жылу сорғыларының екі негізгі түрі: ауа-жылу сорғылары және геотермалдық сорғылар.

Күн коллекторы – Күннің жылу энергиясын жинайтын және айналымдағы жылу әкелетін материалды: су, ауа, май немесе антифризді қыздыратын құрылғы.

Қыздыру шамдары – термиялық сәулелену принципіне негізделген шамдар. Қыздыру шамдарының ішінде электр тогы өтетін, әдетте вольфрамнан жасалған жұқа жіп (қыздыру) бар.

Жарық диодты шамдар – жарық көзі ретінде жарық диодты шамдарды қолданатын шамдар.

Галогенді шамдар – баллонға буфферлік газ қосылған қыздыру шамдары: галогендер буы (бром немесе йод). Шам дизайнының ерекшелігі – газбен толтырылған галогендік капсула.

Люминесцентті шамдар – газ разрядты жарық көзі, онда сынап буларындағы электр разряды люминофор көмегімен көрінетін жарыққа қайта шығарылатын ультракүлгін сәуле шығарады – мысалы, кальций галофосфатының басқа элементтермен қоспасы.

1. Зерттеу жүргізу әдіснамасы



1. Зерттеу жүргізу әдіснамасы

Бұл тарауда іріктемені қалыптастыру кезеңдері, зерттеу құралдарын, алдын ала зерттеу жүргізуді, далалық персоналды оқытуды, сондай-ақ деректерді жинау және өңдеу процесін сипаттауды қоса алғанда, іріктемелі зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдіснамалық түсіндірмелер қысқаша келтіріледі.

1.1 Іріктемені қалыптастыру

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастырудың негізгі көзі «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құрамдас бөлігі «Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ТҮҚСТ) болып табылады. Көрсетілген дерекқорды пайдалану бірқатар артықшылықтарға байланысты, оларға мыналар жатады:

- Іріктеменің дайын шеңберінің болуы, ол іріктеменің негізін құруға байланысты шығындардың едәуір баптарының бірін болдырмайды;
- Үй шаруашылықтарын ротациялауды жүзеге асыру үшін қажет тұрақты жаңартылатын дерекқордың болуы;
- Аумақтық бөліністе және жергілікті жердің типі бойынша үй шаруашылықтары туралы ақпараттың болуы.

Жалпы жиынтыққа жалпы коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернаттарда, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақ үйлерде, діни қауымдастықтарда және басқа да осыған ұқсас тұрғын үйлерде тұратындарды қоспағанда, тұрғын үй-жайлардың барлық типтерінде тұратын үй шаруашылықтары енгізілді.

Іріктеудің соңғы бірлігі үй шаруашылығы болып табылады, ол сонымен қатар зерттеу бірлігі болып табылады.

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығы іріктеме қалыптастыру сатыларының әрқайсысында стратификация және кездейсоқ іріктеу рәсімдерін пайдалана отырып, екі сатылы ықтималдық (кездейсоқ) іріктеу әдісімен қалыптастырылады. Стратификация рәсімі халықтың стратификациясының аумақтық ерекшеліктерін барабар көрсететін үй шаруашылықтарының өкілді іріктемелі жиынтығын қалыптастыруға бағытталған.

Бірінші кезеңде бас жиынтық қалалық және ауылдық жерлерге бөлуді қоса алғанда, аумақтық белгілері бойынша стратификацияланады. Осылайша, 37 страта қалыптасады, бұл елдің жиырма өңірінде таңдалған қалалық және ауылдық аумақтар (1-сурет) (Шымкент, Астана және Алматы қалаларында ауылдық жерлер жоқ екенін ескере отырып, барлығы 37 страта).

Бастапқы іріктеу бірліктері (бұдан әрі – БІБ) ретінде 400 аумақтық бірлік іріктеледі, олар қалалық және ауылдық жерлерді білдіреді және Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушісі (бұдан әрі – ӘАОЖ) бойынша кодтың алғашқы алты (6) белгісімен айқындалады.

Іріктемені қалыптастырудың бірінші кезеңі қатарынан екі рәсімді қамтиды. Бастапқы рәсім мөлшерге пропорционалды ықтималдықпен (бұдан әрі – МПЫ) әр стратаның ішіндегі БІБ-ні анықтауды көздейді, яғни стратадағы БІБ саны стратадағы үй шаруашылықтарының санына байланысты қалыптасады. Келесі рәсім страталардың әрқайсысы бойынша салыстырмалы стандартты қатенің оңтайлы мәніне қол жеткізуге бағытталған.

Іріктемені қалыптастырудың екінші кезеңінде әрбір БІБ-де кездейсоқ іріктеу арқылы 30 үй шаруашылығы таңдалады. Екінші кезеңде іріктемені қалыптастырудың негізі МПЫ-дағы жеке тұрғын үй-жайлардың тізбесі болып табылады. Зерттеу барысында бару керек тұрғын үй кластері (немесе кластерлері) МПЫ-дағы қолайлы тұрғын үй-жайлардың ішінен тең ықтималдықпен таңдалады.

Зерттеу барысында тұрғын үй табылмағандықтан немесе адам қоныстанбағандықтан немесе үй шаруашылығы сауалнамаға қатысудан бас тартқан жағдайда үй шаруашылықтарынан сұхбат алу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алады. Қатысудан бас тарту жағымсыз құбылыс болып табылады, өйткені ол іріктеме мөлшерін қысқартады және негізінен іріктеменің ықтимал ығысуының көзі болып табылады және бұрмаланған статистикалық нәтижелерге әкеледі. Деректерді алмау проблемасын еңсерудің тиімді профилактикасы әр жағдайды мұқият құжаттау болып табылады.

«Ауыстыруға жол бермеу» қағидатын сақтау бойынша қиындықтар туындаған кезде әрбір кластердегі (интервьюерге 10 үй шаруашылығынан) үй шаруашылықтары санының 1/3 мөлшерінде резервтік үй шаруашылықтарының тізімі көзделді.

Жалпы алғанда әр кластерде 40 тұрғын үй таңдалады: номиналды іріктемеде 30 және ауыстыратын 10 тұрғын үй. Бұл 40 тұрғын үй жүйелі тең ықтималдық іріктеме (ЖТЫІ), содан кейін кластерді 10 тұрғын үйден тұратын төрт топқа бөлу үшін 0, 1, 2 және 3 сандарын он (10) рет қайталай отырып, кездейсоқ таңдалған циклдік қайта құру арқылы БІБ-дегі барлық қолайлы тұрғын үйлердің ішінен таңдалды. 1, 2 және 3 топтардағы тұрғын үйлер номиналды іріктемені құрады, ал 0-топтағы тұрғын үйлер мүмкін ауыстыру үшін резервте болды.

Қосымша тізімнен резервтік үй шаруашылықтарын таңдау төменнен жоғарыға қарай принцип бойынша жүргізілді. Яғни, ауыстыруға арналған 10 үй шаруашылығының ішінен үй шаруашылықтары дәйекті түрде таңдалды: басынан бастап – шот бойынша оныншы (тізімде соңғы), содан кейін – шот бойынша тоғызыншы және т.б.

1.2 Зерттеу құралдары

Іріктемелі зерттеудің негізгі құралы ретінде «Үй шаруашылықтарында энергияны тұтынуды зерттеу сауалнамасы» статистикалық нысаны (индексі – Н-010, кезеңділігі – бес жылда бір рет) қолданылды (қосымшаны қараңыз). Осы статистикалық нысанның сұрақтары модульдерге біріктірілген: үй шаруашылығы және тұрғын үй жағдайлары туралы мәліметтер; үй шаруашылықтарының отын мен энергияны тұтынуы туралы мәліметтер. Отын мен энергияны тұтыну негізгі пайдалану бағыттары бойынша бөлінеді: жылыту, ыстық сумен жабдықтау, тамақ дайындау, жарықтандыру және көлік. Сауалнама келесі 11 модульді құрайтын 38 сұрақтан тұрады:

- Үй шаруашылығы және тұрғын үй жағдайлары туралы мәліметтер
- Жылыту
- Суды ысыту
- Электр энергиясын пайдалану
- Күн коллекторы мен жылу сорғысын пайдалану
- Тамақ дайындау
- Салқындату және ауа баптау жүйесі
- Энергияны тұтыну
- Өзге де электр тұрмыстық аспаптар
- Жарықтандыру
- Көлік

Статистикалық нысанды Қазақстан Республикасындағы үй шаруашылықтары арасында отын мен энергияны тұтыну жөніндегі бастапқы деректерді жинау үшін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы әзірледі және екі тілде бекітілді. Сондай-ақ сауалнамаға статистикалық нысанды толтыру рәсімі егжей-тегжейлі сипатталған, сондай-ақ әрбір сұраққа түсіндірмелер берілген нұсқаулық қоса берілді.

1.3 Алдын ала тестілеуді өткізу

Деректерді жинаудың негізгі кезеңі басталғанға дейін пилоттық когнитивті тестілеу жүргізілді. Алдын ала тестілеуді жүргізудің негізгі мақсаттары:

- Сауал салу жүргізу кезінде «Үй шаруашылықтарындағы энергияны тұтынуды зерттеу сауалнамасы» (Н-010 индексі) статистикалық нысанындағы сұрақтарды түсіну мен қабылдаудағы қиындықтарды анықтау;
- Жылыту, суды ысыту, тамақ дайындау, ауаны баптау, жарықтандыру, көлік модульдері бойынша сұрақтарды сынақтан өткізу;
- Сауал салу хронометражын жүргізу;
- Интервьюерлер үшін зерттеу жүргізу бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықты дайындау үшін модульдер бойынша сұрақтарды сынақтан өткізу.

Пилоттық зерттеу шеңберінде жұмыстарды тиімді ұйымдастыруды және бастапқы деректерді сапалы жинауды қамтамасыз ету мақсатында Бюроның аумақтық бөлімшелері қалалық және ауылдық жерлерді ескере отырып, үй шаруашылықтарының тұрмыс деңгейін зерттеудің қолданыстағы желісінен үй шаруашылықтарының тізімін қалыптастырды, сондай-ақ жауапты қызметкерлер супервайзер ретінде белгіленді. Пилоттық тестілеуді жүргізу үшін барлығы 60 үй шаруашылығы іріктелді – Қызылорда облысында 30 (қала/ауыл пропорциясында 10/20 үй шаруашылығы) және Павлодар облысында 30 (қала/ауыл пропорциясында 15/15 үй шаруашылығы). Қызылорда облысындағы үй шаруашылықтарында энергия тұтыну бойынша пилоттық зерттеу жүргізу кезеңі – 2022 жылғы 18-20 қазан аралығында, Павлодар облысында-2022 жылғы 14-17 қараша аралығында.

1.4 Персоналды оқыту

Жергілікті жерлерде персоналды далалық жұмыстар барысында деректерді жинауға оқыту 2023 жылдың 27-30 наурызы аралығында 4 күн ішінде жүргізілді. Семинар бағдарламасы ең алдымен жұмыстарды тиімді ұйымдастыруды, іріктемелі зерттеуді уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталған. Семинар бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы үй шаруашылықтарының отын мен энергияны тұтынуы бойынша, оларды түпкілікті пайдалану санаттары бойынша деректерді жинау мәселелері бойынша әдіснамалық материалдар, зерттеу құралдары, презентация материалдары ұсынылды. Әрі қарай, интервьюерлер халық арасында сауалнама жүргізу және нысанды толтыру бойынша нұсқама алды, сондай-ақ жүргізілетін зерттеудің негізгі қағидаттары мен мақсаттарына оқытылды.

1.5 Деректерді жинау және өңдеу

Республиканың барлық өңірлерінде деректерді жинау 2023 жылғы 12 сәуірде басталып, 25 сәуірде аяқталды. Бастапқы статистикалық деректерді жинау Интервьюерлердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылды. Үй шаруашылықтары өкілдерінің сұхбаттары Үй шаруашылықтарындағы энергияны тұтынуды зерттеу сауалнамасына сәйкес жүргізілді.

Деректерді өңдеу процедуралары деректерді редакциялауды, импутациялауды және біріктіруді қамтиды. Өңдеудің бірінші кезеңінде деректерді редакциялау және оны жұмыс күйіне келтіру жүзеге асырылады. Ол үшін бақылаудың келесі түрлері жүргізіледі:

- Артық мәндерді анықтау үшін бақылау. Көрсеткіштердің мәндерінен асатын аймақ интервалдан тыс болады, оның шекаралары көрсеткіштердің орташа мәнінен орташа квадраттық ауытқу шамасына ауытқумен айқындалады;
- Сандық көрсеткіштердің максималды және минималды мәндері талданады;

- Логикалық бақылау арқылы респонденттерден келіп түскен ақпараттың сапасын бағалау, бұл енгізу қателерін де, үй шаруашылықтарының тіркеу қателерін де жоюға мүмкіндік береді;
- Әртүрлі көздерден алынған ақпараттың логикалық байланысына негізделген бақылау. Айқастыра сауал салудың көмегімен олардың арасындағы өзара байланыс тексеріледі, статистикалық нысандарды толық толтырылуы бақыланады.


Деректерді өңдеудің үшінші кезеңі агрегаттау – деректерді топтастыру және оларды қорытындылау. Агрегаттау дерекқормен барлық әрі қарайғы жұмыстардың негізі болады. Оның процесінде зерттеу деректері үй шаруашылығының сәйкестендіру коды бойынша реттеледі және өңір және жергілікті жердің типі бойынша негізгі топтарға топтастырылады.

Бас жиынтыққа таратылған деректерді алу мақсатында зерттеу қорытындыларына статистикалық өлшеу жүргізіледі. Өлшеу әрбір зерттелген үй шаруашылығына статистикалық салмақ беру арқылы жүзеге асырылады, ол іріктемеге түскен, бөлігі болып табылатын үй шаруашылықтарының жалпы санын сипаттайды.

Салмақты есептеу үшін зерттелетін үй шаруашылықтарын өңірлік бөліністе қала және ауыл тұрғындары бойынша бөлек бөлу туралы деректер пайдаланылды. «Базалық» салмақтардың сомасы осы өңірдің және тұтастай алғанда елдің барлық үй шаруашылықтарының санын бағалауды қамтамасыз етеді. Оларды пайдалану іріктемелі жиынтықтың іріктемені қалыптастырудың бастапқы принциптеріне сәйкестігін сақтауға мүмкіндік береді. Тұрғылықты жерінің өзгеруі және зерттеуге қатысудан бас тарту осы сәйкестікті бұзады.

Зерттеу деректері түзету коэффициенттерін пайдалана отырып, демографиялық статистика деректері бойынша ағымдағы халық санына сәйкес келтірілді. Бұл құжатта 11 944 үй шаруашылығының отын мен энергияны тұтынуын іріктемелі зерттеу нәтижелері бойынша деректер қамтылған, оның ішінде алынған деректерді бас жиынтыққа тарата отырып қалалық жерлерде – 6 520 және ауылдық жерлерде – 5 424 үй шаруашылығы.

1-сурет. Қазақстан Республикасының картасы



2. Зерттеу нәтижелері




2. Зерттеу нәтижелері

2.1 Үй шаруашылықтары мен тұрғын үй жағдайларының сипаттамалары


Қалалық жерлерде тұратындардың саны бойынша үй шаруашылықтары біркелкі бөлінген. Ауылдық жерлерде тұратындардың саны бойынша 1 адам тұратын үй шаруашылықтары ең аз таралған – мұндай үй шаруашылықтары 11.4% құрайды, көбінесе 4 адамнан асатын үй шаруашылықтары байқалады. Ауылдардағы үй шаруашылықтарының көпшілігі 5 және одан да көп адам тұратын шаруашылықтармен ұсынылған, бұл елдегі үй шаруашылықтарының жалпы санының 32.1% құрайды. Қалаларда керісінше жағдай байқалады-қалалардағы 42.7% үй шаруашылықтарында 1 немесе 2 адам тұрды (2-сурет).

2-сурет. Үй шаруашылықтарын көлемі және жер бедерінің түрі бойынша бөлу, %.




2023 жылдың басында қалалардағы барлық тұрғын үйлердің 63.8% және ауылдық жерлердегі тұрғын үйлердің 67.3% 1990 жылға дейін салынған. Бұл ретте, ауылдық жерлердегі барлық тұрғын үй-жайлардың 24.2% және қалалық жерлерде 25% 1970 жылға дейін салынған. Барлық үй шаруашылықтарының 35.2% Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңінде салынған үйлерде тұрады. Қалалар мен ауылдардағы барлық үй шаруашылықтарының тек 8.5% және 11.9% 1990-1999 жылдар аралығында салынған тұрғын үйде және 8.2 және 10.4% 2000-2009 жылдар аралығында салынған тұрғын үйлерде тұрды. 2010 жылдан бастап қалаларда ауылдық жерлермен салыстырғанда 4 есе көп тұрғын үй салынды. Мәселен, 2023 жылдың басында қалалық жерлердегі барлық үй шаруашылықтарының 19.5% жасы 14 жастан аспайтын тұрғын үй-жайларда тұрады, ал ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш небәрі 10.4% құрайды (3-сурет).

3-сурет. Тұрғын үй-жайлардың құрылымы жергілікті жердің типі бойынша салынған жылы бойынша.




Қазақстандағы бес үй шаруашылығының төртеуі жалпы ауданы 80 м²-ден аз тұрғын үй-жайларда тұрады. Қалалық жерлерде тұрғын үйдің орташа жалпы ауданы 62.4 м² құрайды, бұл ауылдық жерлерге қарағанда 19.5%-ға аз. Бір қызығы, қалаларда да, ауылдарда да барлық үй шаруашылықтарының шамамен 40% жалпы ауданы 52-ден 80 м²-ге дейінгі тұрғын үйлерде тұрады, алайда барлық үй шаруашылықтарының тек 10.4% ғана жалпы ауданы 110 м²-ден астам тұрғын үймен қамтылған (4-сурет).

4-сурет. Үй шаруашылықтарын тұрғын үй-жайдың жалпы ауданының мөлшері бойынша жергілікті жердің типі бойынша бөлу, %.



Үй шаруашылықтарының тұрғын үй аумағы жалпы тұрғын үй аумағынан орта есеппен 37%-ға аз. Қалалық үй шаруашылықтарының үштен екісі және ауылдық жерлердегі 55.1% 23-51м² тұрғын үй алаңында тұрады. Қалалардағы үй шаруашылықтарының тек 4.3%-ның және ауылдардағы 13.1%-ның тұрғын үй ауданы 81 м²-ден асады (5-сурет).

5-сурет. Үй шаруашылықтарын тұрғын үй-жайдың тұрғын ауданының мөлшері бойынша жергілікті жердің типі бойынша бөлу, %.



2023 жылдың басында 4 адам тұратын үй шаруашылықтарының 38.4% және 5 және одан да көп адамнан тұратын үй шаруашылықтарының 24.8% тұрғын ауданы 52 м²-ден аз тұрғын үйлерде тұрады; мұндай үй шаруашылықтары үшін орташа тұрғын ауданы тиісінше 42.5 м² және 51.5 м² құрады. 4 адамнан тұратын үй шаруашылықтарының шамамен үштен бірі және 5 немесе одан да көп адамнан тұратын үй шаруашылықтарының жартысынан көбі бір пәтерлі жеке үйлерде тұрды.


1-кесте. Үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайларының сипаттамасы тұрғын үй типі және алып жатқан ауданы бойынша (үй шаруашылығының мөлшері бойынша).

	Барлығы	Үй шаруашылығының мөлшері бойынша				
		1 адам	2 адам	3 адам	4 адам	5 адам және одан көп
Тұрғын үйдің типі бойынша, %-да						
Бір пәтерлі (жеке) үй	36.6	21.4	32.2	37.1	36.1	51.0
Екі пәтерлі үй	5.5	4.8	5.6	5.3	5.6	6.2
Үш пәтерлі үй	1.1	1.3	1.8	0.5	1.7	0.5
Төрт немесе одан да көп пәтерлі үй	56.8	72.5	60.4	57.1	56.6	42.3
Алып жатқан жалпы алаңы бойынша, %-да						
22 м ² -ден аз	1.6	3.7	1.4	1.7	1.0	0.5
23-51 м ²	37.3	48.6	40.7	39.7	37.4	24.3
52-80 м ²	40.6	37.1	41.0	40.4	42.0	42.1
81-109 м ²	10.1	5.2	9.7	8.8	9.7	14.8
110-138 м ²	4.6	1.0	3.8	3.6	4.1	9.1
139-167 м ²	1.5	0.4	0.4	0.8	1.7	3.8
168 м ² астам	4.3	4.0	3.0	5.0	4.1	5.4
Алып жатқан тұрғын алаңы бойынша, %-да						
22 м ² -ден аз	15.6	25.4	15.2	17.4	14.7	8.5
23-51 м ²	62.7	63.8	67.6	65.7	64.4	53.7
52-80 м ²	14.7	6.7	13.5	11.1	14.1	24.5
81-109 м ²	3.7	1.1	1.9	3.1	3.3	8.1
110-138 м ²	1.0	0.4	0.6	0.4	1.2	2.2
139-167 м ²	0.4	0.2	0.2	0.2	0.4	0.8
168 м ² астам	1.9	2.4	1.0	2.1	1.9	2.2
Жалпы алаңның орташа мөлшері, шаршы метр	67.1	57.3	63.1	63.4	69.2	79.3
Тұрғын алаңның орташа мөлшері, шаршы метр	42.3	35.3	39.8	39.8	42.5	51.5

Қазақстан халқының басым бөлігі қатал континенталды климаты бар аудандарда және соның салдарынан қысы қатал аудандарда тұрады. Мұндай климаттық жағдайларда үйді оқшаулау жылууды сақтау мен энергияны үнемдеудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Осыған қарамастан, тұрғын үй-жайларды оқшаулау пайызы Қазақстанның қалаларында да, ауылдарында да төмен болып қалуда. Барлық үй шаруашылықтарының тек 17.7% жылу оқшаулаудың кем дегенде 1 түрі орнатылған, қалаларда бұл пайыз төмен және 13.2% құрайды. Ауылдық жерлерде үй шаруашылықтарының 27.7% жылу оқшаулаудың кем дегенде бір түрімен оқшауланған.

Оқшаулаудың ең көп таралған түрі ғимараттардың қабырғалары мен қасбеттерін жылу оқшаулау – олар барлық оқшауланған үйлердің 49.3% кездеседі: қалалардағы үй шаруашылықтарының 52% және ауылдарда 46.4%. Жылу оқшаулаудың кем дегенде бір түрі орнатылған үй шаруашылықтарының ішінде 21.4% едендері мен іргетасы оқшауланған үйлерде, ал 17.2% төбесі оқшауланған үйлерде тұрады. Ауылдық жерлерде едендері мен іргетасы оқшауланған үйлердің үлесі қалалық жерлерде 21.9% және 22.5% құрады. Тұрғын үйлерінде жылу оқшаулау жұмыстары жүргізілген қалалардағы үй шаруашылықтарының ішінде 20.9% едендер немесе іргетас оқшауланған, ал 12.2% төбесі оқшауланған (6-сурет).

6-сурет. Үй шаруашылықтарын белгіленген жылу оқшаулау түрлері бойынша жергілікті жердің типі бойынша бөлу, %.



2-кестеде терезелердің түрі мен үй ішіндегі температура бойынша халықтың тұрғын үй жағдайының қосымша сипаттамасы келтірілген. Айта кету керек, қалалар мен ауылдардағы үй шаруашылықтарының 90.2% және 80.2% сәйкесінше ағаш терезелермен салыстырғанда жылу оқшаулауы жоғары металл-пластикалық терезелер орнатылған.

2-кесте. Үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайларының сипаттамасы белгіленген жылу оқшаулау түрі, терезе түрі және үй ішіндегі температура бойынша (жер бедері бойынша).

	Барлығы	Жергілікті жердің типі бойынша	
		қалалық жер	ауылдық жер
Жылу оқшаулауын орнатқан үй шаруашылықтарының үлесі			
қабырғалары / қасбеті	49.3	52.0	46.4
еден / іргетас	21.4	20.9	21.9
шатырлар	17.2	12.2	22.5
басқа	12.1	14.9	9.2
Тұрғын үй терезелерінің типі бойынша			
Ағаш	13.2	10.0	20.4
Металлопластикалық	87.1	90.2	80.2
Үй-жай ішіндегі температура бойынша¹			
18°C - аз	1.1	1.3	0.8
18-20°C	9.9	10.1	9.4
21-22°C	32.1	30.9	34.8
23-24°C	36.8	36.8	36.7
24°C - астам	20.1	20.9	18.3

¹Өткен қыс бойы тұрғын үй-жай ішіндегі орташа температура

3-кесте. Үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайларының сипаттамасы салынған жылы және сыртқы қабырғалардың материалы бойынша (жергілікті жердің типі бойынша).

	Барлығы	Жергілікті жердің типі бойынша	
		қалалық жер	ауылдық жер
Салынған жылы бойынша, %			
1970 жылдан бұрын	24.7	25.0	24.2
1970-1979 жж.	17.9	17.5	19.0
1980-1989 жж.	22.1	21.3	24.1
1990-1999 жж.	9.6	8.5	11.9
2000-2009 жж.	8.9	8.2	10.4
2010-2019 жж.	15.9	18.5	9.9
2020 жыл және одан кейінгі	0.9	1.0	0.5
Тұрғын үйдің сыртқы қабырғаларының материалы бойынша, %			
кірпіш, тас	32.0	32.0	32.0
ірі панельді	8.3	11.5	1.2
қаңқалы-панелді	0.4	0.2	0.8
көлемдік-блокты	0.1	0.1	0.0
ірі блокты	0.8	0.9	0.6
монолитті бетон (темірбетон)	16.6	21.6	5.3
кеуек бетон	0.2	0.1	0.5
саман	9.6	3.5	23.3
басқа материалдар	32.0	30.1	36.3

4-кесте. Салынған жылы және сыртқы қабырғалардың материалы бойынша үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайларының сипаттамасы (үй шаруашылығының мөлшері бойынша), %.

	Барлығы	Үй шаруашылығының мөлшері бойынша				
		1 адам	2 адам	3 адам	4 адам	5 адам және одан көп
Салынған жылы бойынша						
1970 жылдан бұрын	24.7	24.3	29.5	22.7	25.8	21.3
1970-1979 жж.	17.9	21.4	18.3	17.7	17.4	15.7
1980-1989 жж.	22.1	25.2	21.1	28.8	18.4	18.4
1990-1999 жж.	9.6	9.5	11.0	7.1	8.2	11.2
2000-2009 жж.	8.9	5.4	7.2	7.9	9.8	13.0
2010-2019 жж.	15.9	13.8	12.3	15.4	19.6	18.5
2020 жыл және одан кейінгі	0.9	0.4	0.6	0.4	0.8	1.9
Тұрғын үйдің сыртқы қабырғаларының материалы бойынша						
кірпіш, тас	32.0	32.2	34.0	30.8	29.6	32.3
ірі панельді	8.3	11.7	10.3	7.9	7.5	5.0
қаңқалы-панелді	0.4	0.3	0.5	0.5	0.2	0.4
көлемдік-блокты	0.1	0.2	0	0.1	0	0.1
ірі блокты	0.8	1.3	0.9	0.8	0.9	0.4
монолитті бетон (темірбетон)	16.6	21.5	15.9	16.9	21.2	10.1
кеуек бетон	0.2	0.1	0.2	0.6	0.1	0.1
саман	9.6	4.2	8.6	9.3	7.8	16.1
басқа материалдар	32.0	28.5	29.6	33.1	32.7	35.5

5-кесте. Үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайларының сипаттамасы үй шаруашылығының мөлшері, тұрғын үй түрі және алып жатқан ауданы бойынша (жергілікті жердің типі бойынша).

	Барлығы	Жергілікті жердің типі бойынша	
		қалалық жер	ауылдық жер
Үй шаруашылығының мөлшері бойынша, %			
1 адам	17.0	19.5	11.4
2 адам	22.9	23.2	22.4
3 адам	19.0	18.5	20.1
4 адам	17.1	18.6	13.9
5 адам және одан көп	24.0	20.4	32.1
Тұрғын үйдің типі бойынша, %			
бір пәтерлі (жеке) үй	36.5	23.4	65.8
екі пәтерлі үй	5.5	2.0	13.5
үш пәтерлі үй	0.6	0.3	1.3
төрт немесе одан да көп пәтерлі үй	57.4	74.3	19.4
Алып жатқан жалпы алаңы бойынша, %			
22 м ² -ден аз	1.6	2.2	0.1
23-51 м ²	37.3	42.3	26.1
52-80 м ²	40.7	40.8	40.2
81-109 м ²	10.0	7.5	15.7
110-138 м ²	4.6	2.8	8.8
139-167 м ²	1.5	0.7	3.3
168 м ² астам	4.3	3.7	5.8
Алып жатқан тұрғын алаңы бойынша, %			
22 м ² -ден аз	15.6	19.3	7.4
23-51 м ²	62.7	66.1	55.1
52-80 м ²	14.7	10.3	24.4
81-109 м ²	3.7	1.8	8.0
110-138 м ²	1.0	0.4	2.3
139-167 м ²	0.4	0.3	0.7
168 м ² астам	1.9	1.8	2.1
Жалпы алаңның орташа мөлшері, шаршы метр	67.1	62.4	77.6
Тұрғын алаңның орташа мөлшері, шаршы метр	42.3	38.3	51.3

2.2 Үй шаруашылықтарының отын мен энергияны тұтынуы

Үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижелері бойынша электр энергиясы ең көп таралған энергия көзі болып табылады және Қазақстанның үй шаруашылықтарының 100%-ға жуығы электр энергиясына қосылған. Дегенмен, үй шаруашылықтары арасында да, өнеркәсіптік пайдалануда да автономды жылыту және су жылыту жүйелерін қуаттандыру үшін қазба отындарына артықшылық беріледі. Сонымен, тұрғын үй-жайларды жылыту үшін бүкіл ел бойынша ең көп таралған табиғи газ болып табылады – оны автономды жылыту жүйесі бар барлық үй шаруашылықтарының 40% пайдаланады. Екінші орында – көмір – оны барлық үй шаруашылықтарының 28% пайдаланады. Сондай-ақ, үй шаруашылықтарының 30% отынның әртүрлі түрлерін – көмірді биоотынмен немесе табиғи газды электр энергиясымен біріктіретінін атап өткен жөн.

2.2.1 Отынды тұтынудың жалпы көлемі

Қазақстан бойынша үй шаруашылықтарының тас көмірді жылдық тұтынуы 2022 жылы 7 312 мың тоннаны құрады. Оның ішінде – 3 533 мың тонна (48.3%) қалалық жерлердегі үй шаруашылықтарында, ал 3 780 мың тонна (51.7%) ауылдық жерлерде пайдаланылды.

2022 жылы үй шаруашылықтарының табиғи газды тұтыну көлемі 5 160.5 млн. текше метрді құрады. Табиғи газдың жартысынан астамы ауылдық жерлердегі үй шаруашылықтарында

шамамен 54.1% және қалалық жерлердегі үй шаруашылықтарында 45.9% пайдаланылды, бұл қалалық жерлерде орталық жылытудың кең қолжетімділігіне байланысты.

Есепті жылы үй шаруашылықтарының электр энергиясын тұтынуы 14 328.2 млн. кВт сағ құрады. 2022 жылы электр энергиясын тұтынудың көп бөлігі (66.3%) қалалық жердегі үй шаруашылықтарына тиесілі болды және 9 500.8 млн. кВт сағ құрады, ал ауылдағы үй шаруашылықтары электр энергиясы екі есе аз (4 827.4 млн. кВт сағ) пайдаланылды.

2022 жылы үй шаруашылықтарының сұйытылған газды тұтынуы 507 миллион литрді құрады, оның үштен екісін ауыл тұрғындары пайдаланды. Осыған ұқсас жағдай биоотын тұтынумен де қалыптасты – отын тұтынудың 59.3% және ағаш қалдықтарын пайдаланудың жалпы көлемінің 82.5% ауылдық жерлерде пайдаланылды. Көмірді тұтыну негізінен қалалық жерлердегі үй шаруашылықтарында (1.7 тонна), ал жануарлар қалдықтары мен сабан – ауылдық жерлердегі үй шаруашылықтарында – сәйкесінше 20.1 мың тонна және 9.9 тонна.

6-кесте. Отын және энергия түрлері бойынша үй шаруашылықтарының жылдық тұтынуының жалпы көлемі.

	Барлығы	Жергілікті жердің типі бойынша	
		қалалық жер	ауылдық жер
Тас көмір, мың тонна	7 312	3 533	3 780
Табиғи газ, млн. текше м.	5 161	2 370	2 790
Пропан және сұйытылған бутан, млн. литр	507	170	337
Электр энергиясы, млн. кВт сағ	14 328	9 501	4 827
Отын, мың текше м	3 549	1 445	2 103
Ағаш қалдықтары, мың тонна	7.9	1.4	6.5
Агломерацияланғанды қоса алғанда, ағаш көмірі, тонна	1.7	1.7	-
Жануарлардың қалдықтары (көң), мың тонна	20.1	-	20.1
Сабан, тонна	9.9	-	9.9

7-кесте. Үй шаруашылықтарының бір жылдағы отын мен энергияны тұтынуының жалпы көлемі (құрылыстағы пәтерлер саны бойынша).

	Барлығы	Құрылыстағы пәтерлер саны бойынша			
		бір пәтерлі (жеке) үй	екі пәтерлі үй	үш пәтерлі үй	төрт немесе одан да көп пәтерлі үй
Отын және энергия түрі бойынша					
тас көмір, мың.тонна	7 312	5 561	1 273	71	407
табиғи газ, млн.текше м.	5 161	3 491	353	69	1 247
пропан және бутан сұйытылған, млн. литр	507	215	36	5	251
электр энергиясы, млн. кВт сағ	14 328	6 302	836	137	7 053
Отын, мың текше м	3 549	2 744	581	32	192
ағаш қалдықтары, мың тонна	7.9	7.4	0.5	-	-
агломерацияланғанды қоса алғанда, ағаш көмірі, тонна	1.7	-	-	-	1.7
жануарлардың қалдықтары (көң), мың тонна	20.1	16.6	3.5	-	-
сабан, тонна	9.9	6.6	3.3	-	-
Бір үй шаруашылығына шаққандағы отын мен энергияны орташа тұтыну					
тас көмір, кг	6 849	6 619	8 427	6 880	6 164
табиғи газ, текше м.	2 437	3 471	3 133	3 606	6 348
пропан және бутан сұйытылған, литр	259	259	233	189	738
электр энергиясы, кВт.сағ	2 548	3 069	2 687	2 159	6 479
отын, текше м	5	5	4	4	12
ағаш қалдықтары, кг	133	136	95	-	-
агломерацияланғанды қоса алғанда, ағаш көмірі, кг	4	-	-	-	4
жануарлардың қалдықтары (көң), кг	1 155	1 442	593	-	-
сабан, кг	120	133	100	-	-

8-кесте. Үй шаруашылықтарының бір жылдағы отын мен энергияны тұтынуының жалпы көлемі.

	Барлығы	Құрылыстағы пәтерлер саны бойынша				
		1 адам	2 адам	3 адам	4 адам	5 адам және одан көп
Отын және энергия түрі бойынша						
тас көмір, мың.тонна	7 312	806	1 901	1 602	1 353	1 650
табиғи газ, млн.текше м.	5 161	409	876	890	821	2 164
пропан және бутан сұйытылған, млн. литр	507	75	125	86	82	140
электр энергиясы, млн. кВт сағ	14 328	1 706	3 040	2 919	2 663	4 000
отын, мың текше м	3 549	582	759	1 112	501	595
ағаш қалдықтары, мың тонна	7.9	0.1	3.0	0.7	2.1	1.9
агломерацияланғанды қоса алғанда, ағаш көмірі, тонна	1.7	-	1.7	-	-	-
жануарлардың қалдықтары (көң), мың тонна	20.1	2.1	2.2	3.7	7.1	5.0
сабан, тонна	9.9	1.6	-	1.6	4.9	1.6
Бір үй шаруашылығына шаққандағы отын мен энергияны орташа тұтыну						
тас көмір, кг	6 849	6 001	7 081	6 842	6 517	7 398
табиғи газ, текше м.	2 437	1 496	2 116	2 450	2 440	2 963
пропан және бутан сұйытылған, литр	259	218	235	225	256	363
электр энергиясы, кВт сағ	2 548	1 787	2 356	2 734	2 765	2 965
отын, текше м	5	5	4	6	4	4
ағаш қалдықтары, кг	133	93	102	119	197	161
агломерацияланғанды қоса алғанда, ағаш көмірі, кг	4	-	4	-	-	-
жануарлардың қалдықтары (көң), кг	1 155	1 926	1 304	1 284	889	904
сабан, кг	120	100	-	100	150	100

9-кесте. Үй шаруашылықтарының бір жылдағы отын мен энергияны тұтынуының жалпы көлемі (өңірлер бойынша).

Өңір	Тас көмір, мың тоона	Табиғи газ, млн. текше м.	Пропан және сұйытылған бутан, млн. литр	Электр энергиясы, млн. кВт сағ
Абай	1 277	-	41	460
Ақмола	472	-	72	1 121
Ақтөбе	51	332	8	516
Алматы	114	707	22	935
Атырау	-	471	-	533
Батыс Қазақстан	8	413	0	372
Жамбыл	10	375	34	536
Жетісу	81	51	36	518
Қарағанды	2 606	-	99	1 924
Қостанай	254	132	29	550
Қызылорда	62	471	20	487
Маңғыстау	-	381	-	501
Павлодар	278	-	7	655
Солтүстік Қазақстан	341	-	21	418
Түркістан	36	626	52	820
Ұлытау	101	-	2	212
Шығыс Қазақстан	1 579	-	27	709
Астана қ.	39	0	30	1 099
Алматы қ.	0	902	5	1 609
Шымкент қ.	3	298	-	354
Қазақстан Республикасы	7 312	5 161	507	14 328

10-кесте. Бір үй шаруашылығына шаққандағы отын мен энергияны орташа тұтыну (өңірлер бойынша).

	Тас көмір, кг	Табиғи газ, текше м.	Пропан және сұйытылған бутан, литр	Электр энергиясы, кВт сағ
Абай	6 704	-	230	2 358
Ақмола	6 745	-	299	4 062
Ақтөбе	9 365	1 536	210	2 047
Алматы	8 126	4 308	310	2 830
Атырау	-	2 806	-	3 000
Батыс Қазақстан	8 625	2 009	332	1 762
Жамбыл	8 793	2 629	285	2 006
Жетісу	7 862	2 819	212	2 775
Қарағанды	6 864	-	313	4 522
Қостанай	8 081	1 761	290	1 835
Қызылорда	7 670	3 885	294	2 580
Маңғыстау	-	1 974	-	2 595
Павлодар	8 064	-	215	2 401
Солтүстік Қазақстан	8 810	-	121	2 099
Түркістан	7 983	2 269	444	2 104
Ұлытау	9 014	-	217	2 970
Шығыс Қазақстан	6 024	-	154	2 568
Астана қ.	8 384	810	221	2 522
Алматы қ.	7 420	3 155	865	2 220
Шымкент қ.	7 000	1 185	-	1 408
Қазақстан Республикасы	6 849	2 437	259	2 548

2.2.2 Жаңартылатын энергия: қатты биоотынды тұтыну

Биоотын жеке сектор үшін де, электр станциялары үшін де қазба отындарына экологиялық таза балама бола алады. Қазақстанда қатты биоотынды пайдалану отын тұтыну құрылымының аз ғана

бөлігін алады. Үй шаруашылықтарының бір пайыздан азы негізгі жылыту жүйелерін қуаттандыру үшін биоотынды, ал қосымша жабдықты қуаттандыру үшін 2.6 % пайдаланады. Сонымен қатар үй шаруашылықтарының оннан бір бөлігі ғана қатты биоотынды тұрақты негізде тамақ дайындау үшін өте сирек қолданады.

